Қазақ АКСР-і құрылған күннен бастап Орталық пен Қазақстан өкімет органдарының арасында, Орталықтан келген орыс коммунистері мен жергілікті коммунистер арасында үнемі түсініспеушіліктер мен талас-тартыстардың орын алғаны белгілі. С. Меңдешев бастаған ҚАКСР басшылары қазақ халқының мүддесін қорғау жолында Орталық билік органдарымен және еуропалық коммунистермен саяси күреске түсті. Бірақ бүкіл саяси билікке ие, әскери күшке арқа сүйеген Орталықтағы жоғары билік ұлт аймақтарына өз өктемдігін қалауынша жүргізді.

1920 жылы қараша-желтоқсанда С. Меңдешевтің төрағалығымен өткен Қазатком Президиумының мәжілістерінде Сібревкомнан Ақмола және Семей облыстарын қабылдап алу мәселесі үздіксіз талқыланып отырды. 1920 жылғы 26 тамыздағы Қазақ АКСР-ін құру туралы декрет бойынша қосылуы шешіліп қойғанымен, бұл облыстарды қосып алу оңайға соқпады. Жаңа ғана құрылып жатқан республикадағы кадр жетіспеушілігі мен кеңестік аппараттардың әлсіздігі, Қазатком мүмкіндігінің шектеулі болуы бұл жұмыстың жүзеге асырылуын ұзаққа созып жіберді. Сібревком өз кезегінде бұл облыстардан айырылып қалмаудың барлық айла-тәсілдерін жасады.

1920 ж. 22-29 желтоқсанда С. Меңдешев Москвада VIII Бүкілресейлік кеңестердің съезіне ҚАКСР-нан делегат болып қатысып, съезд Президиумының мүшесі, ал съездің соңғы күні БОАК мүшесі болып сайланды. [13, 2-3, 287-б.]. Съезд аяқталғаннан кейін С. Меңдешев, Ә. Жангелдин және С. Сейфуллин Москвада қалып, 1921 жылы 1-4 қаңтарда И.В. Сталиннің төрағалығымен өткен РК(б)П ОК-нің ұлттық республикалар мен облыстардың жауапты қызметкерлерімен болған бірінші кеңесіне қатысты. Алқалы жиын Шығыс еңбекшілері арасында бұқаралық-саяси жұмысты коммунистік идеялар негізінде жүргізу мәселелерін талқыға салды. Кеңес шешімімен Шығыс коммунистері ұйымдарының Орталық бюросы таратылып, РК(б)П ОК-нің үгіт-насихат бөлімі жанынан РКФСР-де өмір сүретін түркі халықтары арасындағы үгіт-насихат жөніндегі бюро құрылды [14, 8-б.]. Бюро құрамына Қазақстаннан С. Меңдешев сайланды. Бұл шешім 1921 ж. 6 қаңтарда РК(б)П ОК тарапынан бекітілді. РКФСР тарапынан федерация құрамына кіретін түркі халықтарына осыншама назардың аударылуы – Т. Рысқұлов басқарған Мұсылман бюросының қызметі нәтижесінде күн тәртібіне көтерілген Түрік халықтарының коммунистік партиясы мен Түрік Кеңес Республикасын құру туралы идеяны әлсірету үшін жасалған кезекті ойын болды.

1921 жылдың басында РК(б)П Қазоблбюросы құрамында бірқатар өзгерістер орын алды. 10 қаңтарда бюро хатшы И. Акуловты қызметінен босатып, оның орнына Президиум құрамына М.Мырзағалиевті кіргізді. Көп ұзамай, 27 қаңтарда М. Мырзағалиев Қыроблбюросының хатшысы болып бекітіліп, Президиум мүшелелігіне С. Меңдешев пен В. Радус-Зенькович өтті. РК(б)П ОК-

нен жаңа қызметкер келгенге дейін С.Меңдешев ҚАКСР Ағарту халкоматы жанындағы Саяси ағарту жұмыстары жөніндегі Бас басқармасының бастығы қызметін уақытша атқарушы болып бекітілді [4, 204-б.]. Жаңа ғана құрылған жас республиканың басшысы ретінде С. Меңдешев бір уақытта бірнеше мемлекеттік комиссиялар мен халкоматтардың құрамында жұмыс істеді.

1921 жылы 6-13 ақпанда Орынборда бірінші сайланған Қазаткомның 1-сессиясы болып өтті. Бүкілқазақ Кеңестерінің Құрылтай съезі бекіткен «Қазақ АКСР-де Кеңестік өкіметті ұйымдастыру туралы» ережеге [15, 242-247-б.] сәйкес ҚАКСР аумағындағы ең жоғарғы өкілетті мемлекеттік билік – Бүкілқазақ кеңестерінің съезі, ал Қазатком Бүкілқазақ съездері аралығында жоғарғы заң шығарушы, басқарушы және бақылаушы орган болды. Ереже бойынша Қазаткомның сессиясы 3 ай сайын шақырылуы тиіс еді. Сессиялардың арасында Қазаткомның атынан оның Президиумы жұмыс істеді. Сессияда баяндама жасаған С.Меңдешев Қазатком Президиумының осы уақытқа дейін атқарып шыққан жұмыстары туралы есеп беріп, Президиум қызметінің негізінен ұйымдастырушылық сипатта болғанын атап көрсетті [16, 2-5-п.]. Осы сессияда С. Сәдуақасов жасаған баяндаманың негізінде «С. Меңдешев басқаратын Ақмола және Семей облыстарын қосып алу жөніндегі төтенше өкілетті комиссияны» құру туралы қаулы қабылданды.

С. Меңдешев 1921 жылы 6-10 наурызда Москвада өткен «Түрік халықтары коммунистерінің бүкілресейлік 2-ші кеңесіне» қатысты. Қазақстан атынан сөз сөйлеген С. Меңдешев: «бізде қазақ және орыс коммунистері деген бөлініс жоқ, коммунистер арасында қандай қарым-қатынас болуы тиіс болса, бізде сол бар... ҚазОАК декреттерінің тілі қазақ және орыс тілі, біз көрсоқыр фанатизмге бой алдырмаймыз, қай жерде қалай дұрыс болса, біз ана тілін қолданамыз: орыс тұрғындары үшін орыс тілін, орыс тілін білмейтін қазақтар үшін қазақ тілін,» - деді. Кеңес «жергілікті партия ұйымдарына олар Шығыста нағыз Кеңес билігін құру үшін өзбек, қазақ және қырғыз батырақтарына коммунизм әліппесін үйретуді ұсынды. Бұл үшін жергілікті ұлттардан мамандар даярлау қажет. Шығыстағы барлық жаулап алу тағдыры осыған байланысты,» - деген қаулы қабылдады. «Қазақстандағы жұмыстың нашар жолға қойылғанын» көрсете отырып, РК(б)П ОК жанындағы Түрік халықтары арасындағы орталық үгіт-насихат жөніндегі бюроның жаңа құрамына «Қазақ партия обкомына партиялық қызметкерлер мен қазақ тіліндегі саяси әдебиеттерді жіберу жолымен көмектесу» ұсынылды. Орталық бюроның жаңа құрамына Қазақстаннан С.Меңдешев қайта сайланды [4, 206-б.].

Ақмола және Семей облыстарын ҚАКСР-іне қабылдау жұмысы 1921 ж. наурызда басталып, мамырдың соңына дейін жалғасты. Қазаткомның «Ақмола және Семей облыстарын қабылдау және ұйымдастыру жөніндегі төтенше өкілетті комиссиясының» бірінші мәжілісі 1921 ж. 23 наурызда өткізілді. С. Меңдешев бастаған Комиссия Омбы қаласына келіп өз жұмысына кірісті. Комиссияның құрамында И. Заромский, Ә. Досов, Ә. Әлібеков, С. Сейфуллин (мүшелері), кеңесші дауыспен кәсіподақтардан Запольский, денсаулық сақтау халкоматынан Пикман, Азық-түлік халкоматынан Шәрипов, Ағарту халкоматынан Байгелдин, Қазатком мүшесі Сергеев, комиссия хатшысы Ә.Әлібеков болды. Осылайша, С. Меңдешев басқарған төтенше өкілетті комиссияның күш салуымен аталған облыстарды ҚАКСР құрамына қосып алу бағытында жаңа қадамдар басталды.

С. Меңдешев басқарған төтенше өкілетті комиссияның Ақмола және Семей облыстарын қосып алу бойынша 1921 жылы сәуір-мамырда жүргізген жұмыстары Сібревком мен Орталық тарапынан зор кедергілерге тап болды. С. Меңдешев басқарған комиссия Қазақ республикасының мүддесін қорғау үшін үздіксіз күрес жүргізді. С. Меңдешев ҚАКСР құрамына қосылатын облыстарда басқару аппаратын қалыптастыру ісіне М. Әуезов, С. Сәдуақасов сияқты жігерлі де сауатты жастарды тартты. 1921 жылы 8 сәуірде өткен ҚазОАК Президиумының мәжілісінде С. Меңдешевтің жеделхатына орай, «С. Сәдуақасов Ақмола облысы бойынша кеңес аппаратын

ұйымдастыру жөніндегі жұмыстар бойынша Сібірге іссапарға жіберілсін» деген шешім қабылданды [17].

С. Меңдешев басқарған Төтенше өкілетті комиссия сәуірде Ақмола және Семей облыстарын ҚАКСР құрамына қосып алуға бағытталған кешенді жұмыстарды жүзеге асырды. Оларды қосу барысында барлық кеңестік-шаруашылық мекемелерді білікті қызметкерлерімен бірге, қажетті керек-жарақтары және мүлкімен бірге қосып алуға баса назар аударылды. Әсіресе, Омбы губерниялық байланыс, пошта және телеграф бөлімдері бүкіл құрылғыларымен, барлық адам құрамымен ҚАКСР қарауына өтті. Сібірден Ақмола және Семей облыстарын бөліп алу ҚазОАК төрағасы С. Меңдешев басқарған Төтенше өкілетті комиссияның табандылықпен жүргізген қажырлы күресінің арқасында мүмкін болды. 1921 жылдың ортасына қарай Ақмола және Семей облыстары түгелімен Қазақстанның қарауына өтті [18, 105-106-б.].

Сонымен қатар, С. Меңдешев басшылығымен ҚАКСР өкімет органдары Омбы облысының Қазақстанға тиесілі аумағын бөліп алу үшін орасан жұмыстар атқарды. Қазақстан тарапы Омбы уезін Омбы қаласымен бірге Қазақстанға қосып алу үшін күрес жүргізді. Ал Сібревком болса керісінше, аталған аумақты қалай болғанда да Қазақстанға бермеудің барлық амалын жасады. Соның нәтижесінде, ҚАКСР үкіметтік комиссиясы мен Сібревком Омбы уезін бөлу мәселесінде ортақ келісімге келе алмады. Тараптар мәселені РКФСР БОАК-тің қарауына шығаруға мәжбүр болды. РКФСР БОАК-тің 1921 жылы 10 маусымдағы шешіміне сәйкес Омбы уезі екіге бөлініп, Оңтүстік бөлігі Есілкөл станциясымен қоса алғанда ҚАКСР-не берілуі тиіс болғанымен, бұл мәселе оң шешімін таппай, Есілкөл станциясы маңындағы 10 болыс Сібревкомға қарасты Омбы облысының құрамында қалып қойды [18, 106-107-б.].

С. Меңдешев Қазақстандағы ең жоғарғы мемлекеттік билік органының басшысы ретінде үлкен саяси беделге ие болды. Оны Қазақстанның партия ұйымында өткен пленумдар мен бүкілқазақстандық партконференциялардан анық байқауға болады. С. Меңдешев 1921 ж. 11-18 маусымда Орынборда өткен бірінші бүкілқазақстандық партконференцияға Бөкей губерниясынан делегат болып қатысты.




Сурет 8. Бұл фотода 1921 жылдың 11-18 маусым аралығында Орынборда өткен РК(б)П Қыробкомының бірінші бүкілқазақстандық конференциясына қатысқан Бөкей губерниясының

делегаттары. Бұл жиынға 147 делегат дауыс беру құқығымен, 15 делегат кеңесші құқығымен қатысты. Солдан оңға қарай: бірінші қатарда екінші – Алма Оразбаева, үшінші - Ғабдұлхәкім Нұрмұхамедұлы Бөкейханов, төртінші – Сейтқали Меңдешев, бесінші - Шафқат Бекмұхамедов, алтыншы – Жүсіп Тәкенов (Фотоны журналист Серікбол Хасан бауырым жіберді).

Конференцияның 15 маусымдағы мәжілісінде В.А. Радус-Зенькович «ҚКСР-дегі партияның кезекті міндеттері» атты баяндама жасап, өз сөзінде еңбекші қазақ халқы барлық жаңалықтар мен өзгерістерге сенбей отыр, оларда бүкіл орыстарға жаулық пиғылдың бар екені сезіледі деген пікір білдірді. Ұлтшылдық тек қазақ кедейлеріне ғана емес, басшы қызметтердегі қазақтарға да тән деді. Баяндамашының сөзінен оның қазақ даласындағы жағдайдан алшақтығы және ұлт мәселесін дұрыс түсінбейтіні анық көрініп тұрды. В. Радус-Зенькович пен Г. Дунаевтың баяндамалары бойынша жарыссөзге түскен А. Асылбеков, С. Меңдешев, Ә. Жангелдиндер қазақ халқының ұлттық мүддесін қорғады. «Мен, қазақтар арасында кеңестік билік бекіген жоқ деген мәлімдемені естідім. Ал мен шаруалардың (орыстардың – С.Ш.), казактар мен қазақтардың саяси деңгейі бірдей екенін айтқым келеді. Қазақтарға қарағанда, кеңес билігіне қарсылар шаруалар мен казактардың арасында баршылық», [19, 79-80-б.] - деп С. Меңдешев оларға жауап қайтарды. С. Меңдешевтің одан арғы сөздері – оның В.А. Радус-Зеньковичтің Қазақстандағы жағдай туралы түсінігінен әлдеқайда кең ойлайтынын әрі жағдайды алақанындағыдай біліп, РК(б)П ОК-нің ұлт мәселесіне қатысты саясаты мен Қазпартбюросы алдына қойып отырған міндеттерін жетік білетінін көрсетеді.

Конференцияның 18 маусымдағы мәжілісінде 11 адамнан тұратын РК(б)П Қазобкомы сайланды [19, 97-б.]. Дауыс беру қорытындысынан, ең көп дауыс жинаған С. Меңдешевтің партия мүшелері арасындағы жоғарғы беделін және оған деген сенім дәрежесін байқауға болады. 1921 жылы 19 маусымда өткен Қазобкомның I пленумында С. Меңдешев 5 адамнан тұратын Президиум құрамына сайланды [20].

1921 жылы 27 тамызда өткен Қазобкомның кеңейтілген пленумы М. Костеловскаяны РК(б)П ОК қарауына жіберу туралы шешім қабылдап, ҚАКСР ХКК төрағасы және Ішкі істер халкомы қызметтерін атқарып жүрген М.Мырзағалиевті орнынан босатты. Олардың орнына Г.Коростелев пен С. Меңдешевті хатшы етіп сайлады [21]. Бірақ, С. Меңдешев ҚазОАК төрағасы қызметінен босатылмағандықтан, РК(б)П Қазобкомының хатшысы ретінде өз қызметіне толық кірісе алмады.

1921 жылы 23 тамызда өткен ҚазОАК Президиумының мәжілісінде С. Меңдешев «Түркістан іссапары бойынша баяндама» жасады. Ол Ташкентте өткен Түркістан кеңестерінің Х съезіне қатысып қайтқан болатын. С. Меңдешев осы сапары барысында Түркістан республикасы басшылығымен ашаршылықтан зардап шегіп жатқан ҚАКСР халқына көмектесу бойынша іс-шаралар жоспарын талқылап, нақты келісімдерге қол жеткізді. Ол келісім бойынша аштыққа ұшыраған Қазақ АКСР-нің 250 мың адамын Түркістан республикасы қабылдап, азық-түлікпен қамтамасыз етуге келісім берді [22].

Архив құжаттарына қарай отырып, С. Меңдешевтің әрқашан да ұлттық мүддеге адал болғанын, Орталықпен қарым-қатынаста аса сақ қимылдай отырып, қазақ халқының мақсат-мүддесінен туындайтын шешімдерді жүзеге асырғанын және осы бағытта бар күш-жігерін жұмсағанын көруге болады. Мысалы, 1922 жылы 2 наурызда ҚазОАК төрағасы С.Меңдешев Ұлт істері жөніндегі халкомы И.В. Сталинге хат жазып, Қазақстандағы аса қиын жағдайды, азық-түліктің жоқтығын баяндап, РК(б)П ОК-нің Қазақстандағы өкілетті өкілі В.Г. Юдовскийді Қазақстаннан алып кетуді өтінді [23]. Көп ұзамай, С. Меңдешевтің бұл өтініші орындалып, Қазақстандағы жағдайды мүлдем түсінгісі келмеген әрі қазақ топшылдық күресінің арасына

түскен В.Г. Юдовский шілдеде РК(б)П ОК қарауына оралды. Бұл оқиғадан С. Меңдешевтің И.В.Сталин алдындағы саяси беделін анық бағамдауға болады.

С. Меңдешев алашордашылармен бірлесе жұмыс жүргізу қажеттігін жақтады. Мұны 1920 жылғы ҚАКСР кеңестерінің Құрылтай съезі қарсаңында болған қазақ қайраткерлерінің жалпы бейресми жиынындағы оның осы идеяны қолдауы; 1921 жылы 11 ақпанда өткен бірінші сайланған Қазаткомның 1-сессиясының 9-мәжілісінде Жер-су халкоматының баяндамасы бойынша орын алған жарыссөзде бірінші сөз кезегін Ә. Бөкейхановқа беруі; 1922 жылы 16 қазанда РК(б)П Қазобком Президиумы «Кенжин туралы» мәселені қарап, оны Қазақстаннан аластау туралы мәселе қойылғанда С. Меңдешевтің анағұрлым толық тексеру-тергеу жұмыстары жүргізілуі тиіс деуі; 1923 жылы 13 сәуірде РК(б)П Орталық Бақылау Комиссиясының мәжілісінде А. Кенжин туралы мәселе тағы да қаралып, бұл жолы ол адмирал Колчакқа барған Алашорда өкілі ретінде айыпталып, оны Қазақстаннан басқа жерге жіберу туралы шешім қабылданғанда, С. Меңдешевтің төрағалығымен 11 мамырда өткен ОК Ұйымдастыру бюросында А. Кенжиннің Қазақстан аумағында қалуына рұқсат беруі және т.б. сияқты нақты мысалдар, С. Меңдешев туралы тәуелсіздік жылдарындағы бірқатар зерттеулерде айтылған «солшыл», «мансапқор» деген айыптауларды теріске шығарады. Біз қолымызда жиналған архив құжаттарын талдау барысында С. Меңдешевтің барынша ұстамды әрі жағдайға қарай ҚАКСР мүддесі үшін әрекет ете білген саяси қайраткер болғанына көзіміз жетті.



Сурет 9. Сейітқали Меңдешев (кинохроникадан алынды). Жанындағы кісі Аспандияр Кенжинге ұқсайды екен.

С. Меңдешевтің барлық уақытта да ұлттық мүддеге сай жұмыс істегенін көрсететін дәлелдерді көптеп келтіруге болады. Мысалы, 1922 ж. 10 желтоқсанда Қазобком пленумында «Байлар туралы» мәселе қаралды. Ол бойынша А. Вайнштейн мен А. Асылбеков баяндама

жасады. А. Вайнштейн «Қазақ даласы ішкі революцияны әлі басынан кешірген жоқ» дей отырып, ауылдарда кеңестік биліктің әлеуметтік базасын қалыптастыру үшін қазақ байларының мал-мүлкін экспроприациялау мүмкіндігі туралы мәселені талқылауды ұсынды. Бұған С. Меңдешев «Әлеуметтік база қалыптастырудың экспроприация сияқты мұндай әдісі қалаған нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік бермейді, саяси және революциялық әсер қалыптастырмайды. Ең жақсы әдіс – шаруашылықты жалпы қалпына келтіру», – деп пікір білдірді. Пленумда С. Меңдешев, А. Асылбеков және А. Оразбаева сынды қазақ қайраткерлері Қазобкомда өз бюджетін өзі жұмсай алатын құқық болуы тиіс деген «ерекше пікірді» ұсынды [4, 221-б.].

1923 ж. 17-22 наурызда Орынборда өткен ІІІ бүкілқазақстандық партконференцияда қазақ коммунистері мен еуропалық коммунистер арасында қазақ ұлтының табиғи құқықтары мен ұлыорыстық шовинизмі, орыс отаршылдығы мәселелері бойынша өткір пікірталастар орын алды. Конференция қорытындысында С. Меңдешев РК(б)П Қазобком мүшелігіне сайланды [24].




Сурет 10. Солдан оңға қарай екінші отырған С. Меңдешев

С. Меңдешев Қазатком төрағасы қызметінен кеткенге дейінгі барлық уақытта РК(б)П Қазобкомы Президиумының мүшесі болып сайланып отырды. Жоғарғы кеңестік мемлекеттік органның төрағасы ретінде әрі жоғарғы саяси билік мүшесі ретінде С. Меңдешевке шовинистік пиғылдағы еуропалық коммунистерге қарсы үздіксіз күрес жүргізуге тура келді. Бұл кезде, Орталық саяси билік ұлттық автономиялық республикалар мен облыстардың жергілікті ұлт өкілдерінен шыққан қайраткерлерді ұлттық көзқарастары үшін қыспаққа ала бастаған еді. 1923 ж. 9-12 маусымда Москвада өткен РК(б)П ОК-нің ұлттық республикалар мен облыстардың жауапты қызметкерлерімен өткізген IV кеңесі мұның нақты көрінісі бола алады. Онда татар халқынан шыққан аса ірі саяси қайраткер, РКФСР үкімет мүшесі, Ұлт істері жөніндегі халкомның орынбасары М. Сұлтанғалиевтің ісі қаралды. Бұл жиын кеңестен гөрі ашық сот процесіне ұқсайтын еді. Сасяи билік кеңеске бүкіл ұлттық республикалар мен облыстардың жауапты

қызметкерлерін жинап, егемендікке ашық ұмтылудың ақыры қалай болатынын М. Сұлтанғалиевті жазалау арқылы көрсетуді мақсат еткендей әсер қалдырады.

Ұлыорыстық шовинизм мен Орталықтың отарлық саясатына қарсылық Қазақстанда да қарқын алып жатты. Бұл туралы Қазобком жауапты хатшысының міндетін атқарушы Г. Дунаевтың 1923 жылы 14 қыркүйекте РК(б)П ОК-нің атына шілде-тамыз айлары үшін жіберген жабық есептік хатында орыс коммунистері мен С. Меңдешев бастаған қазақ коммунистері арасындағы қайшылықтар егжей-тегжейлі баяндалды [4, 229-б.]. Қазақ қайраткерлері ҚАКСР-дегі бүкіл партиялық билік пен кеңестік органдардағы лауазымдарды қазақтандыруға күш сала бастады. С. Меңдешевтің күш салуымен 1922 жылы қаңтарда Қазақ қызметкерлерін есепке алу және тиімді пайдалану жөніндегі ҚазОАК комиссиясы құрылды. Оның міндетіне барлық қазақ қызметкерлерін есепке алу және оларды кеңестік немесе партиялық жұмысқа пайдалану болды. Комиссия жергілікті аткомдардың жанынан өзінің төменгі тізбегін ұйымдастыруға құқылы болды. Комиссия өз жұмысын 1922 жылдың соңына қарай аяқтады.

1922 жылы 6-13 қазан аралығында өткен ҚАКСР кеңестерінің ІІІ съезінде үкіметтің есепті баяндамасына орай қабылданған қаулыда төменнен жоғарыға дейінгі барлық кеңес аппараттарына қазақ жұмысшылары мен кедейлерін тарту жұмысы күшейтілсін, ҚАКСР территориясына қатысты заңдық актілердің қазақ тілінде жарық көруіне қатысты шаралар қабылдансын деген шешім қабылданған болатын. Ал 1923 жылы 22 қарашада қабылданған «Қырғыз тілінде іс жүргізуді енгізу туралы» Қазатком декретінде 1924 жылдың 1 қаңтарынан бастап ҚАКСР-дің барлық қазақ болыстарында және Ақтөбе губерниясының Адай, Торғай, Шалқар, Темір, Ақтөбе, Ырғыз уездерінде, Бөкей губерниясының барлық уездерінде, Орал губерниясының Жымпиты және Гурьев уездерінде, Семей губерниясының Қарқаралы және Зайсан уездерінде, Ақмола губерниясының Ақмола, Атбасар және Чарлык уездерінде қазақ тілінде іс жүргізу енгізілсін деген шешім қабылданды. Ал Орынбор губерниясының уездерінде, басқа губерниялар мен уездерде қазақ тілінде іс жүргізуді 1924 жылдың 1 шілдесінен кешікпей енгізу, оны орыс тілімен бірге қатар жүргізу міндеті белгіленді. Осы декрет жарияланған күннен бастап барлық өлкелік мекемелерге орыс тілімен қатар қазақ тілінде іс жүргізу міндеттеліп, бұл жұмысты 1925 жылдың 1 қаңтарына дейін аяқтау тапсырылды.



Сурет 11. Ортада отырған С. Меңдешев

1923 жылы 6 желтоқсанда Қазатком Президиумының қаулысы бойынша «Қырғыз тілінде іс жүргізуді енгізу жөніндегі Орталық Комиссия туралы ереже» бекітілді. Комиссияға: іс жүргізуге қазақ тілін енгізу жөніндегі жұмыстарды жоспарлау, республика бойынша барлық заң актілерін, қаулы-қарарларды қазақ тіліне аудару және баспадан шығару, ЖШИ халкоматымен бірлесе отырып іс жүргізу үлгілерін даярлау және оны енгізу, губаткомдардың жанындағы қазақ тілінде іс жүргізуді енгізу жөніндегі жергілікті комиссиялардың жұмысына басшылық жасау, іс жүргізуді енгізу жөніндегі техникалық қызметкер мамандарын даярлау жөніндегі жоспарды даярлау ісі жүктелді. С. Меңдешев бастаған қазақ қайраткерлерінің мұндай ауқымды жұмысы көлемі мен сипаты жағынан 1919 ж. Т. Рысқұлов басқарған Мұсбюроның қызметін еске салады. Осындай жағдайда, Қазақстанда қызмет еткен орыс коммунистері дабыл қағып, С. Меңдешевтің «ұлтшыл-ауытқушылық» бағыты туралы арыз-шағымдар Орталыққа қардай борады. Мәселеге РК(б)П ОК хатшысы И.В. Сталиннің өзі араласуға тура келді. Ол 1923 жылы 21 желтоқсанда С. Меңдешевке:

«...Егер Қырреспублика құрамында белгілі бір пайыз орыстар болатын болса, [билік құрамында] орыстардан да өкілдердің болғаны әділетті болар еді», – деп, жеделхат жолдады [25]. Бұл жеделхат РК(б)П ОК-нің позициясын білдіретін еді.

Соған қарамастан С. Меңдешев пен С. Сейфуллин бастаған қазақ қайраткерлері алған бағыттарынан қайтпады. 1924 жылдың 5-10 қаңтары аралығында өткен ҚАКСР кеңестерінің IV бүкілқазақтық съезінде «ҚырОАК және Халкомкеңестің есепті баяндамасы бойынша» қабылдаған қарарында бірінші кезекте қазақ жұмысшыларын кеңес аппаратындағы жұмыстарға тарту, кеңес мекемелеріндегі іс жүргізуді қазақ тіліне батыл түрде көшіру, әсіресе болыстық деңгейдегі қазақ қызметкерлерін жоспарлы және жүйелі түрде даярлау жөнінде шешім қабылдады [26].

Көп ұзамай, 1924 ж. 20 наурызда Қазатком қаулысымен «ҚКСР қырғыз тілінде іс жүргізуді енгізу жөніндегі губерниялық комиссиялар туралы ереже» бетіліп, қазақ тілінде іс жүргізу жұмысы республика көлемінде кеңінен қолға алынды. Ереже бойынша, негізгі міндеті – іс жүргізуді қазақ тіліне көшіру болғанына қарамастан, Қазатком Президиумы жанындағы аталмыш Комиссия республиканың барлық деңгейіндегі мекемелері мен басқару аппараты үшін қазақтардан маман даярлауды жоспарлы түрде іске асыра бастады және оларды жұмысқа орналастырып отырды. 1924-1925 ж. жергіліктендіру (коренизация) ісі республика көлемінде жақсы жолға қойылып, оң нәтижелер бере бастады.

1924 жылдың басында республиканың барлық қазақ болаткомдарындағы орыс қызметкерлері қазақтармен алмастырылып, іс жүргізу қазақ тіліне көшірілді. Сонымен қатар, қазақ болыстары деңгейінде жұмыс істейтін қаржы агенттері, милиционерлер, мемлекеттік сақтандыру агенттері, халық соттары, тергеушілер және т.б. қазақтармен алмастырылды. Қазақ тұрғындарына қызмет көрсететін сот бөлімдерінде іс жүргізу, сот ісін жүргізу және сотта сөйлеу қазақ тіліне көшірілді. Бірақ уездік және губерниялық органдардағы жергіліктендіру ісі айтарлықтай нәтиже бере қоймады. Аппараттарды жергіліктендіруге қажет қазақ қызметкерлерін даярлау үшін қаржы, кооперация, милиция, әділет, ағарту және іс жүргізу мен есепшілердің техникалық қызметкерлерін даярлайтын қысқа мерзімді курстар ашылды. 1924 ж. Петропавл, Қостанай, Семей, Орда, Ақтөбе және Орынбор қалаларында ашылған мұндай курстардың саны 12-ге жетті. Милиция курсын есептемегенде, осы курстарды 322 адам бітіріп шықты. 1925 ж. мұндай курстар Петропавл, Семей және Ақтөбе қалаларында ашылып, бұл курстарды 163 қазақ бітіріп шықты. 1924 ж. 6 маусымда Қазхалкомкеңесі «Қырғыз Кеңестік Социалистік Республикасы милициясының басшылық құрамының өлкелік мектебі туралы ережені» бекітті. Ереже бойынша ҚКСР Ішкі істер халкоматы жанындағы өлкелік милиция мектебіне негізінен қазақтарды алу көзделді. 1924 жылы 16-19 маусымы аралығында өткен 4-сайланған Қазаткомның 2-сессиясында қазақ тілінде іс жүргізуді енгізу жөніндегі Орталық Комиссия жұмысы бойынша Ж. Сәдуақасов баяндама жасап, уездік және губерниялық деңгейдегі кеңес органдарының 1923 жылғы 22 қарашадағы декретін толық орындамай отырғанына назар аударды. Сессия қаулысы бойынша барлық халкоматтарға, өлкелік мекемелер мен губерниялық органдарға курстарды ашу үшін Комиссиямен міндетті түрде келісу ұсынылып, осындай курстардың 75% жергілікті халық өкілдерінен жасақтау міндеттелді.

Міне, осындай жағдайда, Қазақстандағы партиялық және кеңестік билік аппараттарында ұлттық басымдыққа ие болуды көздеген және жергіліктендіру саясатын мықтап қолға алған С. Меңдешевті қызметінен кетіру мәселесі РК(б)П ОК тарапынан қолға алынды.

1924 жыл С. Меңдешев үшін ауыр жыл болды. Ол ҚАКСР ОАК төрағасы ретінде қазақ жерлерін біріктіру жолындағы күресті одан ары жалғастырды. «Тұтас Түркістан» идеясының негізі болған Түркістан республикасын ұлттық республикаларға бөліп, оны ыдырату аясында жүргізілген 1924 жылғы Орта Азиядағы ұлттық-мемлекеттік межелеу саясатында РК(б)П ОК

барлық жерде қазақ халқымен шегаралас аймақтардың мүддесін қорғап, қазақтардың жерлерін көпе-көрінеу әділетсіздікпен басқа республикаларға беріп жібергенін бүгінде архив құжаттарынан анық көріп отырмыз. 1924 ж. 20 ақпанда БОАК Президиумы Маңғышлақ және Красноводск аудандарының шегарасын белгілеген жаңа қаулы қабылдады. Осы қаулы бойынша шегара Қарабұғаз шығанағы арқылы орта географиялық ендік бойымен өтетін болып, 1921 ж. 8 тамызда Красноводскіде өткен мәжілісте қазақтар мен түркімендер арасында белгіленген шегараға сәйкес бекітілді. Түркістан АКСР ХКК төрағасы Ш. Исламовтың күш салуымен осылай бекітіліп кеткен шегара қазақтардың мүддесіне қайшы келетін еді. Қаулыға сәйкес, Адай уезіне тиесілі аумақтың үлкен бөлігі, соның ішінде қыстау үшін аса қолайлы «Жаңғақ», «Аққұм» атты жерлер Красноводск уезіне берілді. Бұл жерлер түбірінен қазақтың жерлері еді. БОАК-тің мұндай қате қаулысына қарсы ҚазОАК төрағасы, БОАК Президиумының мүшесі С. Меңдешев, БОАК-тағы Қазақ Республикасының өкілі М. Мырзағалиев, Адай уревкомының төрағасы Ж. Мыңбаев БОАК-ке ресми хат жолдады. Хатта БОАК Президиумының 1924 жылғы 20 ақпандағы қаулысының дұрыс емес екендігі, Красноводск уезіне қазақтардың аса қажетті аумағының негізсіз кеткендігі жан-жақты дәлелденіп, бұл қаулының күшін жоюды, оның орнына шегараны БОАК-тің 1920 жылғы 26 тамыздағы декреті бекіткен күйінде қалдыруды сұрады. Ақыры 1924 жылғы 31 наурызда Түрікатком қазақтар мен түркімендер арасындағы шиеленіс толық жойылғанша бұл ауданды бірыңғай әкімшілік ауданға біріктіру туралы шешім қабылдауға мәжбүр болды. Онда арнайы ревком құрылды және оның қарауына тәртіп сақтау үшін арнайы әскери бөлім берілді. Бұл мәселе тек 1925 жылы ғана түпкілікті шешімін тапты [18, 111-112-б.].

1924 ж. 26 сәуірде «Еңбекшіл қазақ» газетінің №199-санында С. Меңдешевтің «Түркістан Республикасындағы қазақтар Қазақстанға не үшін қосылуы керек?» деген көлемді мақаласы жарияланды. Онда ол: «Қазақ халқының Қазақстанға қосылуын керек қылатындар: 1) қазақ халқының тарихы, табиғи түрлері, 2) шаруашылық тілектері, 3) мәдениет істері, 4) саяси себептер. Бұл республикадағы қазақтың Қазақстанға қосылуын керек қылатын, кеңес құрылымындағы ұлт істері» деп дәлел келтірді. [27, 62-63-б.].

1924 ж. 8 шілдеде Қазобком Президиумы РК(б)П ОК Орта Азия бюросының Межелеу жөніндегі территориялық комиссиясын құрды. Оның құрамына ҚАКСР-нен С. Меңдешев (төраға) пен Ә. Әлібеков (Жер-су халкомы), кандидат болып Т. Жүргенов (ҚАКСР-дің Түрікаткомның жанындағы өкілетті өкілі) енгізілді. Сонымен қатар, құрамына С. Меңдешев (төраға), Ә. Әлібеков және С. Есқараев (төраға орынбасарлары), А. Серғазиев, Т. Жүргенов (мүшелері), С. Қожанов, Ізбасаров, Ж. Мыңбаев (кандидаттар) кірген ТАКСР құрамынан бөлінетін қазақ аудандарын басқару жөніндегі ревком құрылды [4, 229-б.].



Сурет 12. Солдан оңға қарай отырғандар: О. Исаев, Ә. Жангелдин, белгісіз, С. Меңдешев, Н. Нұрмақов, Ә. Әйтиев. Бұл фото жарияланған «Большой атлас истории и культуры Казахстана» атты кітапта «1921 жылғы ҚазОАК Президиумының мәжілісі» деп көрсетілген. Біздің бұған үлкен күмәніміз бар (Мүмкін, фотоның артына жазылған 192"4" жылдағы 4 саны 1-ге ұқсап қалды ма екен?). Өйткені, 1921 жылы мына фотода отырған Ә. Жангелдин, С. Меңдешев, Ә. Әйтиевтер (еуропалықтың кім екенін ажырата алмадық) Қазатком Президиумының мүшесі болғанымен, Ораз Исаев пен Нығмет Нұрмақов Қазатком Президиумының мүшесі болған жоқ. Бұл фото 4-ші сайланған ҚазОАК Президиумының құрамы. Себебі, Н. Нұрмақов 4-ші сайланған ҚазОАК Президиумының мүшесі болса, О. Исаев 1924 жылдың 30 тамызында Адай ревкомының төрағасы қызметіне жіберілген бұрынғы хатшы Ж. Сәдуақасовтың орнына хатшы болып келген болатын. Біздің ойымызша, бұл фото 1924 жылдың қыркүйегі мен 1925 жылдың сәуірі аралығында түсірілген болса керек.

26 шілдеде РК(б)П Қазобкомы Президиумы шешімімен ҚазОАК төрағасы, әрі территориялық комиссияның Қазақ қосалқы комиссиясының (бюросының) және ТАКСР-нен Қазақ АКСР-не кірген қазақ аудандарын басқаратын Ревкомның төрағасы С. Меңдешев Ташкент қаласына іссапарға жіберілді. С. Меңдешев Ташкентте үлкен жұмыстар жүргізді. РК(б)П ОК Орта Азия бюросының, оның Территориялық комиссиясының жұмысына қатысты, Территориялық комиссияның Қазақ қосалқы комиссиясының жұмысына басшылық етті [18, 141-б.].

1924 ж. 11 қазанда С. Меңдешев РК(б)П ОК Саяси бюросының Орта Азиядағы ұлттық межелеу туралы мәселені қараған кезектен тыс арнайы мәжілісіне қатысты. Осы мәжілісте РК(б)П ОК Саяси Бюросы «Орта Азиядағы ұлттық межелеу туралы» мәселені қарап, 24 пункттен тұратын шешім қабылдады. Бұл шешім толықтай өзбек тарапының мүддесін қолдауымен ерекшеленді. Мәжілісте Ташкент қаласын Өзбек республикасына беру туралы Саяси бюроның бұрынғы шешімі өз күшінде қалдырылды [28]. Осылайша, қазақ қайраткерлерінің Ташкент үшін болған күресі ауыр жеңіліспен аяқталып, ежелден қазақ халқы қоныстанған 900 000 кв верст жердің орнына 600 000 кв верст жерге ие болып, 900 000 қазақ Өзбек республикасы құрамында қалып қойды.

Ташкенттен айырылған Қазақ республикасында жаңа астана мәселесі күн тәртібіне көтерілді. 1924 ж. 23 желтоқсанда өткен Қазобком бюросының мәжілісінде Орынбор-Торғай облысын құру және облыс астанасы ретінде Орынбор қаласын қалдыру туралы шешім қабылданды. Ал С. Меңдешев ҚАКСР жаңа астанасы ретінде Ақмешіт қаласын ұсынды [4, 239-б.]. Ал 27 желтоқсанда С. Меңдешев РК(б)П ОК-ге хат жазып, онда Торғай және Орынбор облыстарын біріктіріп, ҚАКСР орталығы етіп Орынбор қаласын қалдыру туралы Қазобком шешімімен келіспейтіндігі туралы мәлімдеді. Сонымен қатар, ҚАКСР астанасы ретінде Ақмешіт қаласын белгілеуді ұсынды [29, 252-255-б.].

1925 ж. 20 қаңтарда Қазобком жанынан Саяси істер жөніндегі комиссия құрылып, оның құрамына В. Нанейшвили (обкомнан), И. Каширин (БМСБ), Н. Панин (Қазобком БК), Қ. Боранбаев (Әділет халкоматынан), С. Меңдешев (ҚазОАК) кірді. Осы күні Қазобком бюросы РК(б)П ОК алдына Қазобкомды Қазөлкеком етіп өзгерту туралы мәселе қоюға қаулы қабылдады [4, 242-б.]. Ал 1925 ж. 19 ақпанда РК(б)П ОК Саяси бюросы Қазобкомды Қазөлкеком етіп өзгертті [30]. 1925 жылы 27 наурызда Қазөлкеком бюросы РК(б)П ОК қаулысын орындай отырып, хатшылықтың барлық мүшелерін Қазөлкеком хатшылары деп есептеу туралы қаулы қабылдады. Қаулыға сәйкес В. Нанейшвили – бірінші хатшы, С. Қожанов – екінші хатшы, Н. Ежов – үшінші хатшы болып есептелді [4, 244-б.].

ҚАКСР мемлекеттік-партиялық билік номенклатурасындағы күштердің арасалмағының өзгеруі – Орта Азия мен Қазақстандағы ұлттық-мемлекеттік межелеу саясаты мен ҚАКСР астанасының Орынбордан Ақмешітке ауысуы барысында жүзеге асты. Ұлттық-мемлекеттік межелеу саясаты қарсаңында Түрікатком төрағасының орынбасары қызметін атқарған, Түркістандағы қазақ қайраткерлері арасында Т.Рысқұловтан кейінгі белді де белгілі қайраткер С. Қожановтың 1924 жылғы қарашада РК(б)П Қазобкомының жауапты хатшысы қызметіне бекітілуі [31, 226-б.] және 1924 жылы қыркүйекте хатшы қызметіне грузин В.И. Нанейшвилидің келуі С. Меңдешев бастаған қазақ ұлтшылдарының жағдайын қиындатып жіберді. Ендігі жерде С. Меңдешевті орнынан кетіруге бұрыннан мүдделі ҚАКСР Мемлекеттік жоспарлау комитетінің төрағасы әрі Қазобком Бюросының мүшелігіне кандидат С. Сәдуақасов пен С. Қожанов «блогы» құрылды [32]. Алаш зиялыларының зор қолдауына ие болып отырған бұл екі қайраткер бірлесе отырып, С. Меңдешевті орнынан кетіруге кірісті.

С. Меңдешевті орнынан алу жоспары РК(б)П Қазөлкекомы Бюросының 1925 ж. 7 сәуірде өткен жабық мәжілісінде жүзеге асырылды [33]. С. Меңдешев 9-сәуір күні РК(б)П Қазөлкеком Бюросына 1925 жылы 7 сәуірде өткен жабық мәжілістің қаулысына наразылық білдіріп, оны қайта қарауды ұсынып хат [32, 159-159-а.п.] жолдады. 11 сәуірде С. Меңдешевтің талап етуі бойынша 7 сәуірде ұсынылған ҚАКСР үкіметінің жаңа құрамы қайта дауысқа салынды. Бірақ, бұл жолы да С. Меңдешев жалғыз қалды.

1925 ж. 15-19 сәуірде Ақмешітте өткен V Бүкілқазақ кеңестерінің съезінде баяндама жасаған Қазатком төрағасы С. Меңдешев жергіліктендіру мәселесіне тоқтала отырып, Қызыл Армияның ұлттық құрамаларын жасақтау ісінің 1924 жылдан бастап қолға алынғанын, Қазатком атындағы Қызыл Армия командирлері құрамының 8-ұлттық мектебі құрылып, оған 119 жас қазақ жігітінің оқуға қабылданғанын атап көрсетті. [34].

V Бүкілқазақ кеңестерінің съезінде Орталық қолдаған Қожанов-Садуақасов блогы толық жеңіске жетті [35, 193-б.]. Съездің қорытынды мәжілісінде қазақ халқы өзінің тарихи атын қайтарып, жаңа қазақ астанасы Қызылорда деп аталды [36]. Бюро мәжілісінде алдын-ала дайындалған тізімге сәйкес және Съезд Президиумының ұсынысы бойынша тұтас дауыс беру арқылы жаңа Қазатком құрамы сайланды. С.Меңдешев Қазатком мүшелігіне өткенімен, 19 сәуірде 5-сайланған Қазаткомның 1-сессиясында Қазатком Президиумына сайланбай қалды [37].

С. Меңдешевті қызметінен кетіруге мүдделі болған С. Сәдуақасов пен С. Қожанов кейін өзара бақталастыққа түсті. Оның үстіне, Өлкелік Бақылау Комиссиясы Президиумының мүшесі М.И. Озольдің Сырдария губерниясындағы жағдай туралы баяндамасында [38] жақсы көрініс тапқан С. Қожановтың Қазақстандағы топшылдық іс-әрекеттері Орталықтағы партия басшылығы тарапынан да, қазақ коммунистері тарапынан да қолдау таппады. Оның үстіне, С. Меңдешевтің Бюро құрамында қалдырылып, Ж. Мыңбаевтың Бюро құрамына енгізілмеуі, Қ. Күлетовтың С. Сәдуақасовпен бірлесуі С. Қожановтың «жетекшілік» рөлін әлсірете бастады.

Қазатком төрағасы қызметіне ұсынылмай қалған С. Сәдуақасов съезд аяқталған күннен бастап С. Қожановқа қарсы күрес бастады. 1925 ж. 20 мамырда С. Сәдуақасов И.В. Сталиннің атына хат жазды. Онда И. Сталинмен болған кездесуде екеуара болған әңгімені еске сала отырып: «4 жылдық жұмыс тәжірибесі жолдас Меңдешевтің Өлкелік деңгейдегі не кеңестік, не партиялық жұмысқа жетекшілік жасауға қабілетсіз екенін көрсетіп берді... Сондықтан, Меңдешевті одан ары қарай РКП Қырғыз Өлкелік Комитетінің құрамында қалдыру Қырғызиядағы коммунистік партия ісіне және кеңестік билікке ешқандай пайда әкелмейді», – деген қорытынды жасады. Хат мазмұнына қарағанда, кездесу барысында И. Сталин С. Сәдуақасовқа оның Қазақстан басшысына айналу мүмкіндігі туралы тұспалдап жеткізген сыңайлы. Оның С. Қожановпен бірлесіп, С. Меңдешевке қарсы саяси күрес жүргізуінің сыры осында жатқандай көрінеді. Одан ары С.Сәдуақасов: «...Өлкеком хатшысы ретіндегі Қожанов фигурасы Қырғызиядағы партиялық-кеңестік құрылысқа бірқатар қолайсыздықтар әкеледі», - дей отырып, «Меңдешев және Қожанов – бір медальдың екі жағы» деген баға берді [39]. Ол одан ары қарай, Қазақстанда өсіп-жетілген жас қайраткерлер буыны бар, ендігі назар соларға аударылуы тиіс деп, өзінің бар екенін еске салды.

1925 жылы 1 маусымда РК(б)П Қазөлкекомы С. Меңдешевті Қазақ өлкелік тұтынушылар одағы басқармасының төрағасы қызметіне жіберді. Ал 25 маусым күні Қазақ өлкелік тұтынушылар одағының басқармасы төраға қызметін С. Меңдешевке жүктеді [4, 252-б.]. Бұл жұмыста жарты жылдан астам уақыт қызмет атқарған С. Меңдешев одан ары Қазақстанда қалуды қаламады. 1926 ж. 26 ақпанда Қазөлкеком бюросы С. Меңдешевті БК(б)П ОК-тің карауына жіберді [4, 252-б.].

1926 ж. 1 сәуірде БК(б)П ОК Саяси Бюросы РКФСР ХКК төрағасының үшінші орынбасары туралы мәселені қарап, бұл қызметке С. Меңдешевті тағайындаудың дұрыстығын тексеруді КСРО ОАК сессиясына дайындық жөніндегі комиссиясына тапсырды [40]. Бірақ, 26 мамырда өткен БК(б)П ОК Саяси бюросы С. Меңдешевті РКФСР Экономикалық кеңес (ЭКОКЕ) құрамына енгізіп, РКФСР ХКК төрағасының үшінші орынбасары етіп Т.Рысқұловты тағайындау туралы шешім қабылдады [41].

1926 жылы 12-14 карашада Т. Рысқұлов Москвада ұлт қайраткерлерінің құпия кеңесін өткізді. Жоғарғы партиялық биліктің рұқсатынсыз кеңес өткізгені үшін Т. Рысқұлов БК(б)П ОК тарапынан қатты айыпталды. Ал кеңеске қатынасқан ұлт қайраткерлерінің барлығы өз республикаларында партиялық қуғынға ұшырады. «Рысқұлов кеңесіне» қатысқан қайраткерлерді айыптау үшін Татарстанда, Башқұртстанда, Қазақстанда, Қырғызстан мен Дағыстанда арнайы пленумдар ұйымдастырылады. Бұл кеңестің жұмысына РКФСР ЭКОКЕ мүшесі С. Меңдешев те араласып, 14 қарашадағы мәжілісінде сөз сөйлеп [14, 73-81-б.], ұлт мәселесінің өзекті тұстарына тоқталды.



Сурет 13. Алдыңғы қатарда оң жақтан солға қарай екінші отырған С. Меңдешев

1928 ж. 14 қыркүйекте С. Меңдешевтің «Ұлт республикаларында кеңес сайлауы науқанының міндеттері туралы» мақаласы «Правда» газетінде жарық көрді. [42, 107-б.] Осы мақаладан кейін көп ұзамай, І. Құрамысов «Қызыл Қазақстан» журналының 4-нөмірінде «Меңдешевшілдік туралы» мақала жариялап, онда: «Меңдешұлы сияқты партия ұйымының ішіндегі атақты жікшіл көсемдер мақала жазып, орталықтағы баспасөзді өз мүдделеріне жұмсамақшы болса, оған қарсы күрес ашу керек», – деп, С. Меңдешевтің мақала жазуына ашық қарсы шықты.

Ал 1929 жыл – Қазақстандағы І. Құрамысов бастаған қазақ коммунистерінің С. Меңдешевке қарсы соғыс ашқан жылы болды. 1929 ж. наурызда Қызылорда партия белсенділерінің мәжілісінде І. Құрамысов: «Меңдешұлының қызарған солақай сөзі, байшыл ісі» деген тақырыпта баяндама жасады. Ол өз сөзінде С. Меңдешевтің 1928 ж. 27 қыркүйекте Оралдың округтік партия комитетіне тәркілеу науқанының барысында орын алған кемшіліктерді көрсетіп жазған хатын сынады. Бұл хатта тәркілеуге жатпайтын қарапайым шаруалардың да тізімге ілінгені айтылған болатын. Партия жұмысында орын алған бұрмалаушылықтар мен асыра сілтеуді ашық көрсеткен С. Меңдешевке «меңдешевшілдер сөзде «қызарып» солақайланса да іс жүзінде партияға қарсы істі істейді. Өйткені партиядан сол ешкімде жоқ. Партия жолынан бұрылған жол біздің партия жолы емес, партияға қарсы жол», – деп баға беріп, оны жау қылып шығаруға тырысты [42, 107-б.].

1929 ж. 9 сәуірде «Еңбекші қазақ» газетінің №79-санында Ж. Сәрсекұлы «Меңдешевшілдік жол партияға қарсы жол» атты мақала жариялап, І. Құрамысұлынан да асып түсті. Ол: «меңдешевшілдіктің не екенін партия ұйымына, еңбекшілер жұртшылығына жариялауды біз

